Триплиksam® препараты ересек пациенттерді емдеу үшін қолданылады. Амлодипин, индапамид және периндоприлді бірдей дозада қабылдау аясында артериялық қысымы (АҚ) төмендеген кезде артериялық гипертензиясы бар пациенттерде терапия ретінде қолданылады

#### Триплиksam® препаратының әсер ету тәсілі

Белсенді компоненттердің әрқайсысы артериялық қысымды төмендетеді және олардың бірлескен әсері Сіздің артериялық қысымыңызды бақылауға көмектеседі:

- Амлодипин кальций өзекшелерінің блокаторлары деп аталатын дәрілер тобына жатады. Жоғары артериялық қысымы бар пациенттерде ол қан тамырларды босаңсытатын әсер етіп, нәтижесінде қан олардан еркін өтеді. Стенокардиясы бар пациенттерде (кеудедегі ауырсынуды тудыратын ауру), осылайша көбірек оттегі алуға мүмкіндік беретін және нәтижесінде кеуденің ауыруын болдырмайтын жүрек бұлшықетінің қанмен қамтамасыз етілуін жақсартады.

- Индапамид (индол сақинасы бар сульфаниламид туындылары деп аталатын дәрілер класына жататын) несеп айдайтын дәрі болып табылады. Диуретиктер бүйрекпен өндірілетін несеп мөлшерін көбейтеді. Алайда, индапамид шығарылатын несеп мөлшерінің шамалы өсуіне әкеле отырып, басқа диуретиктерден ерекшеленеді.

- Периндоприл ангиотензинөзгертуші фермент (АӨФ) тежегіштері деп аталатын дәрілер тобына жатады. Жоғары артериялық қысымы бар пациенттерде ол жүректің жиырылуы кезінде қан тамырларды кеңейтіп, тамырлар арқылы қан қозғалысын жеңілдетеді.

Егер жақсару басталмаса немесе Сіз нашарлауды сезіне беретін болсаңыз, дәрігерге жүгіну керек.

## **2. Триплиksam® препаратын қолданар алдында нені білу керек**

### **Қолдануға болмайтын жағдайлар**

#### **Триплиksam® препаратын қолданбаңыз:**

- егер Сізде периндоприлге немесе басқа АӨФ тежегіштеріне, индапамидке немесе басқа сульфонамидтерге, амлодипинге немесе басқа дигидропиридиндерге немесе осы препараттың қандай да бір компоненттеріне аллергия болса (қосымша парақтың 6 бөлімінде көрсетілген);
- егер Сізде бұрын басқа АӨФ тежегіштерін қабылдаған кезде сырылды тыныс алу, беттің немесе тілдің ісінуі (ангионевроздық ісіну деп аталатын жағдай) қатты қышу немесе терінің қатты бөртпесі сияқты симптомдар пайда болса немесе Сіздің туыстарыңыздың бірінде бір кездері осындай симптомдар байқалған болса;
- егер Сізде бауырдың күрделі ауруы немесе бауыр энцефалопатиясы (бауыр жеткіліксіздігінің салдарынан ми функциясының бұзылуы) болса;
- егер Сізде емделмеген декомпенсацияланған жүрек жеткіліксіздігі (организмде судың айқын кідіруі, тыныс алудың қиындауы) болса;
- егер Сізде жүректің аорта клапанының тарылуы (аорта стенозы) немесе кардиогендік шок (жүрек организмде жеткілікті қан ағымын қамтамасыз ете алмайтын жағдай) болса;
- егер Сіз жүрек ұстамасынан (миокард инфарктісінен) кейін жүрек жеткіліксіздігінен зардап шегетін болсаңыз;
- егер Сізде артериялық қысымның айқын төмендеуі байқалса (гипотензия);
- егер Сізде қандағы калий деңгейі төмен болса,
- егер Сізде бүйректің күрделі ауруы, оның ішінде бүйрек артериясының стенозы (бүйрекке қан ағымының төмендеуі) болса;
- егер Сізге диализ жүргізіліп жатса немесе қан фильтрациясының кез келген басқа түрі жүргізіліп жатса. Қолданылып жатқан жабдыққа қарай Триплиksam® Сіз үшін сәйкес келмейтін препарат болуы мүмкін;
- егер Сізде бүйрек функциясының орташа айқын бұзылуы болса (құрамында 5 мг+2,5 мг+10 мг және 10 мг+2,5 мг+10 мг бар Триплиksam® препаратының дозалары үшін);
- егер Сіз жүкті болсаңыз немесе жүктілікті жоспарласаңыз («Жүктілік» бөлімін қараңыз);
- егер Сізде қант диабеті немесе бүйрек функциясының бұзылуы болса және Сіз құрамында алискирен бар артериялық қысымды төмендететін дәрі қабылдасаңыз;
- егер Сізде қант диабетіне байланысты бүйректің күрделі ауруы болса және Сіз ангиотензин II рецепторларының антагонистерін қабылдайтын болсаңыз (АРА II);
- егер Сіз валсартан + сакубитрил біріктірілімін қабылдаған болсаңыз немесе ангионевроздық ісіну қаупін арттыруы мүмкін болғандықтан, жүрек жеткіліксіздігін емдеу үшін қолданылатын препаратты қабылдап жүрген болсаңыз («Ескертулер мен сақтандыру шараларын» және «Басқа дәрілік заттар мен Триплиksam®»);
- егер Сіз QT аралығын арттыратын препараттарды немесе жүрек ырғағының ауыр бұзылуын тудыруы мүмкін препараттарды қабылдасаңыз («пируэт» типті полиморфты қарыншалық тахикардия);
- егер Сізде қандағы калий мөлшері жоғарылаған болса және бұл ретте Сіз қандағы калий деңгейін жоғарылататын дәрілік препараттарды қабылдап жүрген болсаңыз (калий сақтайтын диуретиктер, калий және литий препараттары).

Егер аталған жағдайлардың кем дегенде біреуі Сізге қатысты болса, өз дәрігеріңізбен кеңесіңіз.

### **Ерекше нұсқаулар мен сақтандыру шаралары**

Триплиksam® препаратымен емдеуді бастамас бұрын емдеуші дәрігермен кеңесіңіз. Төмендегі тармақтардың кез келгені Сізге қатысты болса, өз емдеуші дәрігеріңізге міндетті түрде ескертіңіз:

- егер Сізде гипертрофиялық кардиомиопатия болса (жүрек бұлшықетінің ауруы);
- егер Сізде бүйрек артериясының стенозы болса (бүйректі қанмен қамтамасыз ететін артерияның тарылуы);
- егер Сізде жүрек жеткіліксіздігі немесе басқа жүрек ауруы болса;
- егер Сізде артериялық қысымның айқын жоғарылауы байқалса (гипертониялық криз);
- егер Сізде бауыр функциясының бұзылуы болса;
- егер Сізде жүйелі қызыл жегі немесе склеродермия сияқты дәнекер тінінің жүйелі ауруы (дәнекер тінінің зақымдалуымен сипатталатын аурулар тобы) болса;
- егер Сізде атеросклероз болса (олардың саңылауын тарылтатын артериялардың қабырғаларында атеросклероздық түйіндақтардың пайда болуы);
- егер Сізге қалқанша маңы бездерінің функциясын тексеру үшін зерттеуден өту қажет болса;
- егер Сіз подаградан зардап шегетін болсаңыз;
- егер Сізде қант диабеті болса;
- егер Сіз тұзы аз диетаны ұстанатын болсаңыз немесе құрамында калий бар тұз алмастырғыштарды қабылдайтын болсаңыз;
- егер Сіз литий немесе калий сақтайтын диуретиктерді (спиронолактон, триамтерен) қабылдайтын болсаңыз («Басқа препараттар мен Триплиksam® препаратын» қараңыз);
- егер Сіз егде жастағы пациент болсаңыз және Сізде препарат дозасын ұлғайту жоспарланса,
- егер Сізде фотосезімталдық реакциялары болса;
- егер Сіздің тиістілігіңіз негроидты нәсілге жатса, себебі, Сізде бұндай жағдайда ангионевроздық ісінудің даму қаупі жоғары болуы, сондай-ақ, бұл препараттың артериялық қысымды төмендетуде тиімділігі аз болуы мүмкін;
- егер Сізге жоғары ағынды жарғақшаларды пайдаланумен гемодиализ жасалынып жатса;
- егер Сізде бүйрек ауруы болса немесе Сізге диализ жасалып жатса;
- егер Сізде көру қабілеті нашарласа немесе көздің ауыруы байқалса. Бұл Триплиksam® препаратын қабылдағаннан кейін бірнеше сағат немесе апта ішінде пайда болуы мүмкін көздің тамырлы қабығында сұйықтықтың жиналуы (хориоидалды жалқық) немесе көзішілік қысымның жоғарылауы симптомдары болуы мүмкін. Бұл емделмеген жағдайда көру қабілетінің қайтымсыз жоғалуына әкелуі мүмкін. Егер Сізде бұрын пенициллинге немесе сульфаниламидке аллергия болса, көзішілік қысымның жоғарылау қаупі артуы мүмкін;
- егер Сізде бұлшықет ауруын, бұлшықеттің ауырсынуын, әлсіздігін немесе түйілуін қоса алғанда, бұлшықет бұзылыстары болса,
- егер Сізде қандағы альдостерон гормонының деңгейі қалыптан тыс жоғары болса (бастапқы гиперальдостеронизм);
- егер Сізде ми қанайналымының жеткіліксіздігі болса;
- егер Сізде беттің, еріннің, ауыздың, тілдің немесе жұтуды немесе тыныс алуды қиындатуы (ангионевроздық ісіну) мүмкін тамақтың ісінуі болса. Ол емдеу кезінде кез келген уақытта пайда болуы мүмкін. Бұл жағдайда емдеуді дереу тоқтатып, медициналық көмекке жүгініңіз.
- егер Сіз қандай да бір төмендегі препараттарды қабылдайтын болсаңыз, ангионевроздық ісінудің даму қаупі артуы мүмкін:
  - рацекадотрил (диареяны емдеу үшін қолданылады),

- сиролimus, эверолимус, темсиролimus және mTOR тежегіштері деп аталатын класқа жататын басқа препараттар (қайта ауыстырылып салынған ағзаларды қабылдамауды алдын алу үшін және онкологиялық ауруларда қолданылады),
  - созылмалы жүрек жеткіліксіздігін емдеу үшін қолданылатын сакубитрил (валсартанмен бекітілген біріктірілімде шығарылады),
  - глиптиндер деп аталатын класқа жататын линаглиптин, саксаглиптин, ситаглиптин, вилдаглиптин және басқа препараттар (қант диабетін емдеу үшін қолданылады).
- егер Сіз жоғары артериялық қысымды емдеу үшін келесі препараттардың кез келгенін қабылдайтын болсаңыз:
- ангиотензин II рецепторларының блокаторлары (сартандар деп те аталатын, мысалы, валсартан, телмисартан, ирбесартан), әсіресе егер Сіз қант диабетімен туындаған бүйрек ауруынан зардап шегетін болсаңыз;
  - алискирен.

Дәрігер бүйрек функциясын, артериялық қысымды және қандағы электролиттер мөлшерін (мысалы, калий, натрий, кальций) үнемі бақылап отыруы мүмкін.

Сондай-ақ, «Қолдануға болмайтын жағдайлар» бөлімінде берілген ақпаратты қараңыз.

Егер Сіз жүктімін (немесе жүкті болуым мүмкін) деп ойласаңыз бұл туралы дәрігеріңізге хабарлауға тиіссіз. Трипликсам® препараты балаға ауыр зиян келтіруі мүмкін болуына байланысты жүктілік кезінде қабылданбауы тиіс. («Жүктілік және бала емізу» бөлімін қараңыз).

**Егер сіз Триплексам® қабылдап жүрсеңіз, бұл туралы дәрігеріңізге немесе медициналық қызметкерлерге хабарлауға тиіссіз:**

- егер Сізге анестезия және / немесе операция жасалатын болса;
- егер Сізде жақында диарея, құсу немесе сусыздану байқалса;
- егер Сізде диализ немесе ТТЛШ аферезі болса (қан плазмасынан төмен тығыздықтағы липопротеидтерді аппараттық жолмен алып тастау);
- егер Сіз аралардың шағуына аллергиялық реакцияларды азайту үшін десенсибилизациялайтын емнен өтпекші болсаңыз;
- егер Сізде йод бар рентгендік контрастылы затты (рентгенологиялық тексеру кезінде бүйрек немесе асқазан сияқты ішкі ағзаларды көруге мүмкіндік беретін дәрі) вена ішіне енгізуді қажет ететін медициналық тексеру күтіп тұрса.

Спортшылар Трипликсам® құрамында допинг-бақылау кезінде оң реакция беруі мүмкін әсер етуші зат (индапамид) бар екенін білуі керек.

### **Балалар мен жасөспірімдер**

Пациенттердің осы тобында Трипликсам® препаратының тиімділігі мен қауіпсіздігі туралы деректердің болмауына байланысты Трипликсам® препаратын 0-ден 18 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдерге бермеңіз.

### **Басқа препараттар және Трипликсам® препараты**

Өз емдеуші дәрігеріңізге немесе дәріхана қызметкеріне қандай дәріні қабылдап жүргендігіңіз, жақында қандайын қабылдауыңыз мүмкін екенін немесе қандай да бір басқа дәрілерді қабылдауды жоспарлағандығыңыз туралы хабарлаңыз.

Егер Сізде қант диабеті немесе бүйрек ауруы болса, Трипликсам® препаратымен бір мезгілде алискирен (жоғары артериялық қысымды емдеу үшін қолданылады) қабылдауға болмайды.

Триплиksam® препаратын келесі препараттармен бір мезгілде қабылдаудан аулақ болыңыз:

- литий препараттары (манияны, маниакальді-депрессиялық психозды және рекуррентті депрессияны емдеу үшін қолданылады);
- калий сақтайтын диуретиктер (мысалы, триамтерен, амилорид), калий қоспалары немесе құрамында калий бар тұз алмастырғыштар, организмдегі калий мөлшерін арттыруы мүмкін басқа препараттар (мысалы, гепарин, қанды сұйылту және тромбтардың пайда болуын алдын-алу үшін қолданылатын препарат; триметоприм және ко-тримоксазол, сондай-ақ, бактериялық инфекциялар кезінде қолданылатын триметоприм/сульфаметоксазол ретінде белгілі);
- дантролен (инфузиялық) (анестезия кезінде қатерлі гипертермияда пайда болатын бұлшықет сіресуін емдеуге арналған препарат (симптомдарға өте жоғары температура мен бұлшықеттің сіресуі жатады));
- эстрамустин (онкологиялық жаңа түзілімдерді емдеуде қолданылады);
- диареяны емдеу үшін (рацекадотрил) немесе трансплантацияланған ағзалардың қабылданбауын алдын алу үшін жиі қолданылатын препараттар (сиролимус, эверолимус, темсиролимус және mTOR тежегіштері деп аталатын класқа жататын басқа препараттар). «Арнайы нұсқаулар мен сақтандыру шаралары» бөлімін қараңыз;
- валсартан+сакубитрил біріктірілімі (созылмалы жүрек жеткіліксіздігін емдеу үшін қолданылатын). «Қолдануға болмайтын жағдайлар» және «Арнайы нұсқаулар мен сақтандыру шаралары» бөлімдерін қараңыз;
- жоғары артериялық қысымды емдеу үшін қолданылатын басқа дәрілік заттар: ангиотензинөзгертуші фермент тежегіштері және ангиотензин II рецепторларының блокаторлары.

Триплиksam® препаратымен емдеудің тиімділігі мен қауіпсіздігіне басқа препараттарды қабылдау әсер етуі мүмкін. Дәрігеріңіз дозаны өзгертуі және/немесе басқа сақтандыру шараларын қолдануы мүмкін. Егер Сіз келесі препараттарды қолданып жүрсеңіз, өте сақ болу қажеттігіне байланысты ол туралы дәрігеріңізге міндетті түрде хабарлаңыз:

- ангиотензин II рецепторларының блокаторлары мен диуретиктерді (бүйрек шығаратын несеп көлемін арттыратын диурездік препараттар) қоса алғанда, жоғары артериялық қысымды емдеуде қолданылатын препараттар (сонымен қатар «Қолдануға болмайтын жағдайлар» және «Ерекше нұсқаулар мен сақтандыру шаралары» қосалқы бөлімдерінде келтірілген ақпаратты қараңыз)
- жүрек жеткіліксіздігін емдеуде қолданылатын калий сақтайтын препараттар: эплеренон және спиронолактон тәулігіне 12,5 мг-ден 50 мг-ға дейінгі дозаларда;
- жалпы анестезияға арналған дәрі;
- құрамында йод бар контрастылы заттар;
- бепридил (стенокардияны емдеу үшін қолданылады);
- метадон (есірткіге тәуелділікті емдеу үшін қолданылатын);
- жүрек ырғағының бұзылуында қолданылатын препараттар (мысалы, дофетилид, ибутилид, бретилий, цизаприд, дифемамил, прокаинамид, хинидин, гидрохинидин, дизопирамид, амиодарон, соталол);
- верапамил, дилтиазем (кальций өзекшелерінің блокаторлары);
- дигоксин немесе басқа жүрек гликозидтері (жүрек ауруларын емдеуге арналған);
- бактериялық инфекцияларды емдеу үшін қолданылатын антибиотиктер (мысалы, рифампицин, эритромицин, кларитромицин, спарфлоксацин, моксифлоксацин);
- зенге қарсы препараттар (мысалы, итраконазол, кетоконазол, инъекцияға арналған В амфотерицин);
- аллопуринол (подаграны емдеуге арналған);
- шөп қызбасы сияқты аллергиялық реакцияларды емдеу үшін қолданылатын антигистаминді препараттар (мысалы, мизоластин, терфенадин, астемизол);

- ауыр демікпе мен ревматоидты артритті қоса алғанда, әртүрлі ауруларды емдеуде қолданылатын кортикостероидтар және қабынуға қарсы стероидті емес препараттар (мысалы, ибупрофен) немесе салицилаттардың жоғары дозалары (мысалы, ацетилсалицил қышқылы, ауырсынуды жеңілдету және дене температурасын төмендету және қанның ұюын болдырмау үшін қолданылатын көптеген препараттарда бар зат);
- аутоиммунды ауруларды емдеу немесе трансплантациядан кейін қабылдамау реакциясын алдын алу үшін (организмнің иммундық жауабын бақылау үшін қолданылатын дәрілер) иммунодепрессанттар (мысалы, циклоспорин, такролимус);
- тетракозактид (Крон ауруын емдеуге арналған);
- алтын тұздарын, әсіресе вена ішіне енгізгенде (ревматоидты полиартрит симптомдарын емдеу үшін қолданылады);
- галофантрин (безгектің кейбір түрлерін емдеу үшін қолданылады);
- шашыраңқы склероз сияқты ауруларда бұлшықеттің сіресуін емдеу үшін қолданылатын баклофен;
- инсулин немесе метформин сияқты қант диабетін емдеуге арналған препараттар;
- кальций, оның ішінде кальцийдің тағамдық қоспалары;
- ішектің моторикасын көтермелейтін іш жүргізетін дәрілер (мысалы, сенна);
- онкологиялық ауруларды емдеуге арналған дәрілер;
- винкамин (егде жастағы адамдарда симптоматикалық когнитивті бұзылуларды, соның ішінде есте сақтау қабілетінің жоғалуын емдеу үшін қолданылады);
- депрессия, үрей, шизофрения сияқты психикалық бұзылыстарды емдеу үшін қолданылатын препараттар (мысалы, трициклді антидепрессанттар, имипраминге ұқсас антидепрессанттар, нейролептиктер (амисульприд, сульпирид, сультоприд, тиаприд, галоперидол, дроперидол сияқты);
- пентамидин (пневмонияны емдеу үшін қолданылады);
- ритонавир, индинавир, нелфинавир (АИТВ инфекциясын емдеу үшін қолданылатын протеаза тежегіштері деп аталатын);
- Гиперикум перфоратумы (Шілтер жапырақты шайқурай, депрессияны емдеу үшін қолданылатын шөптік дәрілік препарат);
- триметоприм (инфекцияны емдеуге арналған);
- төмен артериялық қысымды, кардиогендік шокты немесе демікпені емдеу үшін қолданылатын препараттар (мысалы, эфедрин, норадреналин немесе адреналин);
- нитроглицерин және басқа нитраттар немесе артериялық қысымды одан әрі төмендететін басқа тамыр кеңейтетін дәрілер.

### **Триплиksam® препараты тамақпен және сусындармен**

Триплиksam® препаратымен емдеу кезінде грейпфрут шырыны мен грейпфрутты қабылдауға болмайды, себебі грейпфрут пен грейпфрут шырыны әсер етуші заты амлодипиннің қандағы деңгейінің жоғарылауына, және соның салдарынан – Триплиksam® препаратын қабылдаудан болатын әсердің болжанбайтын ұлғаюына және артериялық қысымның төмендеуіне әкелуі мүмкін.

### **Жүктілік және бала емізу**

Сіз жүктілік және бала емізу кезінде Триплиksam® препаратын қабылдауға тиіссіз. Егер Сіз жүкті болсаңыз немесе бала емізетін болсаңыз, жүкті болуым мүмкін деп ойласаңыз немесе жүктілікті жоспарласаңыз, препаратты қолдануды бастамас бұрын дәрігермен кеңесіңіз.

### **Жүктілік**

Егер Сіз өзіңізді жүктімін (немесе жүкті болуым мүмкін) деп ойласаңыз ол туралы өзіңіздің емдеуші дәрігеріңізге хабарлауыңыз керек.

Әдетте, дәрігер Сізге жүктілікке дейін немесе жүкті екеніңізді білген бойда Триплиksam® препаратын қабылдауды тоқтатуды кеңес етеді. Дәрігер Сізге Триплиksam® препаратының орнына басқа препаратты қабылдауға кеңес етеді. Триплиksam® препаратын бала денсаулығына елеулі түрде зиян келтіруі мүмкін болғандықтан, жүктілік кезінде қолдануға болмайды.

### **Бала емізу**

Өзіңіздің емдеуші дәрігеріңізге бала емізіп жүргеніңіз немесе емізуді жоспарлағаныңыз туралы хабарлаңыз. Триплиksam® препараты емізу кезінде ұсынылмайды, сондықтан дәрігеріңіз бала емізгіңіз келсе, әсіресе балаңыз жаңа туған болса немесе мерзімінен бұрын туылған болса, басқа емді таңдауы мүмкін.

### **Көлік құралдарын басқару және механизмдермен жұмыс істеу**

Триплиksam® препаратын қабылдау Сіздің көлік құралдарын немесе басқа механизмдерді басқару қабілетіңізге әсер етуі мүмкін. Егер Сіз осы дәрілік препаратты қабылдаған кезде жүрек айну, бас айналу, әлсіздік, дімкәстік немесе бас ауруын сезінетін болсаңыз, көлік құралдарын немесе механизмдерді басқарудан бас тартып, дереу өз дәрігеріңізге жүгініңіз.

### **Триплиksam® препаратының құрамында натрий бар**

Триплиksam® препаратындағы натрий мөлшері бір таблеткаға 1 ммоль натрийден (23 мг) аз болғандықтан, болмашы.

### **3. Триплиksam® препаратын қолдану**

Әрқашан Триплиksam® препаратын емдеуші дәрігердің ұсыныстарына толық сәйкес етіп қабылдаңыз. Егер күмән туындаса, емдеуші дәрігермен немесе дәріхана қызметкерімен кеңесіңіз.

### **Ұсынылатын доза**

Тәулігіне бір таблетка. Сіздің емдеуші дәрігеріңіз Сізге сәйкес дозаны таңдайды.

### **Қолдану тәсілі**

Ішке, тәуліктің бір уақытында, дұрысы, таңертең. Таблетканы шайнамай, сумен толықтай жұтып қою керек.

### **Қолдану ұзақтығы**

Емдеуші дәрігер препаратты тағайындауды тоқтатқанға дейін жоғары артериялық қысымды емдеуге арналған препараттарды күн сайын үнемі қабылдау керек.

### **Егер Сіз Триплиksam® препаратын қажетінен көп қабылдаған болсаңыз**

Егер Сіз таблетканы тым көп қабылдап қойған болсаңыз, бұл туралы дереу дәрігерге хабарлаңыз немесе жақын жердегі жедел жәрдем бөліміне хабарласыңыз. Артық дозалану артериялық қысымның төмендеуіне немесе тіпті кейде жүрек айну, құсу, құрысу, бас айналу, ұйқышылдық, сананың шатасуы, олигурия (шығарылатын несеп мөлшерінің азаюы), анурия (несептің түзілмеуі немесе бөлінбеуі) сияқты симптомдармен қатар жүретін артериялық қысымның қауіпті төмендеуіне әкелуі мүмкін. Сіз бас айналу, әлсіздік немесе естен тану алдындағы жағдайды сезінуіңіз мүмкін. Артериялық қысым айтарлықтай төмендеген кезде шок пайда болуы, тері суық және жабысқақ болуы мүмкін және Сіз естен танып қалуыңыз мүмкін.

Препаратты қабылдағаннан кейін өкпеде 24-48 сағат ішінде дамып, еңтігуді тудыруы мүмкін артық сұйықтық жиналуы мүмкін (өкпе ісінуі).

Егер Сіз Триплиksam препаратының таблеткаларын қажеттіден көп қабылдаған болсаңыз, дереу медициналық көмекке жүгініңіз.

### **Егер Сіз Триплиksam® препаратын қабылдауды ұмытқан болсаңыз**

Қабылдау жүйелілігі емдеуді тиімдірек ететін болғандықтан, препаратты күн сайын қабылдау маңызды. Дегенмен, егер Сіз Триплиksam® препаратының келесі дозасын қабылдауды ұмытқан болсаңыз, келесі дозаны әдеттегі уақытта қабылдаңыз. Өткізіп алған дозаның орнын толтыру үшін Триплиksam® препаратының қос дозасын қабылдамаңыз.

### **Егер Сіз Триплиksam® препаратын қабылдауды тоқтатқан болсаңыз**

Жоғары артериялық қысымды емдеу әдетте үнемі жүргізілетін болғандықтан, дәрігермен алдын ала талқылаусыз Триплиksam® препаратын қабылдауды тоқтатпаңыз.

Егер Сізде Триплиksam® препаратын қолдану туралы сұрақтар болса, емдеуші дәрігерге немесе дәріхана қызметкеріне жүгініңіз.

## **4.Ықтимал жағымсыз реакциялар**

Барлық дәрілік препараттар сияқты, Триплиksam® препараты жағымсыз реакцияларды тудыруы мүмкін, бірақ олар бәрінде бола бермейді.

Триплиksam® препаратын қолдану кезінде хабарланған ең ауыр жағымсыз реакциялар:

### **Ауыр жағымсыз реакциялар**

Егер Сізде келесі жағымсыз реакциялардың кез келгені пайда болса, дереу дәрігерге хабарлаңыз:

#### **Жиі - кем дегенде 10 адамның 1-де болуы мүмкін**

- қатты бас айналу немесе естен тану жағдайы;

#### **Жиі емес - кем дегенде 100 адамның 1-де болуы мүмкін**

- кенеттен сырылды тыныс алу, кеудедегі ауырсыну, ентігу немесе тыныс алудың қиындауы (бронхтың түйілуі);

- қабақтың, беттің немесе еріннің ісінуі (ангионевроздық ісіну);

- ауыздың, тілдің және қиын тыныс алуды туындатуы мүмкін тамақтың ісінуі, (ангионевроздық ісіну);

#### **Өте сирек – 10000 адамның 1-нен астамында болуы мүмкін**

- терінің қарқынды бөртпесі, есекжемді, бүкіл денеде терінің қызаруын, қатты қышуды, күлдіреуіктердің пайда болуын, терінің қабыршақтануы және ісінуін, шырышты қабықтың қабынуын (Стивенс-Джонсон синдромы, уытты эпидермалық некролиз) немесе басқа аллергиялық реакцияларды қоса алғанда терінің ауыр реакциялары

- жүрек ұстамасы (миокард инфарктісі);

- іштің және арқаның қатты ауырсынуын тудыруы мүмкін, жалпы жай-күдің нашарлауымен бірге жүретін ұйқы безінің қабынуы (панкреатит);

#### **Белгісіз-қолда бар деректер негізінде анықталуы мүмкін емес**

- өмірге қауіп төндіретін жүрек ырғағының бұзылуы («пируэт» типті полиморфты қарыншалық тахикардия);

- бұлшықет әлсіздігі, бұлшықеттің түйілуі, бұлшықет ауырсынуы немесе ауыруы (миалгия), әсіресе Сіз бір уақытта өзіңізді нашар сезінсеңіз немесе Сізде жоғары температура болса, бұл бұлшықет тінінің патологиялық бұзылуынан туындауы мүмкін (рабдомиолиз).

### **Басқа жағымсыз реакциялар**

Келесілердің кез келгені пайда болса, дәрігерге хабарлаңыз:

#### **Өте жиі - 10-адамның 1-нен астамында пайда болуы мүмкін**

- сұйықтықтың кідіруі (ісінулер).

### **Жиі-кем дегенде 10 адамның 1-де болуы мүмкін**

- бас аурыуы, бас айналу (вертиго), ұйқышылдық (әсіресе емдеудің басында);
- төмен артериялық қысымға байланысты бас айналу (артериялық гипотензия);
- көру қабілетінің бұзылуы, қос көріну (диплопия);
- жүректің жиі соғуы (жүрек соғуын сезінуі);
- бет терісіне қанның «тебуі» ;
- құлақтың шуылдауы (құлақтың шыңылдауы);
- жөтел;
- ендігу;
- асқазан-ішек жолдарының бұзылыстары (жүрек айну, құсу, іштің ауыруы, дәм сезу қабілетінің бұзылуы (дисгевзия), ас қорытудың бұзылуы және қиындауы (диспепсия), диарея, іш қату, нәжістің жиілігі мен сипатының өзгеруі);
- қандағы калийдің төмен деңгейі (гипокалиемиа);
- аяқтардағы шаншу сезімі (парестезия);
- аллергиялық реакциялар (мысалы, тері бөртпесі, қышу);
- бөртпе (макулопапулездік бөртпе);
- бұлшықеттің түйілуі;
- дімкәстіктің жоғарылауы, әлсіздік (астения).

### **Жиі емес - кем дегенде 100 адамның 1 –де болуы мүмкін**

- көңіл-күйдің өзгеруі (көңіл-күйдің тұрақсыздығы (үрейді қоса);
- депрессия;
- ұйқының бұзылуы (соның ішінде ұйқысыздық);
- әдеттегіден тыс түс көрулер;
- қозғыштықтың жоғарылауы;
- жүректің тұрақты емес және/немесе жиі соғуы (жүрек ырғағының бұзылуы (соның ішінде брадикардия, қарыншалық тахикардия және жүрекше фибрилляциясы));
- мұрынның бітелуі немесе тұмаурату (ринит);
- жоғары сезімталдық реакциялары (аллергиялық реакциялар);
- тәбеттің болмауы (анорексия);
- сезімталдықтың төмендеуі (гипестезия);
- діріл (тремор);
- мұрыннан қан кету;
- ауыз қуысының шырышты қабығының құрғауы, ауыздың құрғауы, шөлдеу;
- метеоризм;
- шаштың түсуі (алопеция), қатты терлеу (гипергидроз), терінің қышуы, тері түсінің өзгеруі, теріден немесе шырышты қабықтардан аздап қан кету (пурпура), есекжем;
- кеуде қуысының ауыруы;
- буын ауыруы (артралгия), артроз, бұлшықет ауыруы (миалгия), арқаның ауыруы;
- ауырсыну, дәмкәстік, қалтырау;
- бүйрек жеткіліксіздігі;
- несеп шығарудың бұзылуы, түнде несеп шығару қажеттілігінің көбеюі (никтурия), несеп шығарудың жиілеуі (поллакиурия), несеп шығарудың ауыруы;
- импотенция (эректильді дисфункция), жайсыздық немесе еркектерде кеуде бездерінің үлкеюі (гинекомастия);
- қызба немесе жоғары температура;
- дене салмағының жоғарылауы, дене салмағының төмендеуі;
- қандағы эозинофилдер санының көбеюі (лейкоциттердің бір түрі);
- қандағы калийдің жоғары деңгейі (гиперкалиемиа);
- қандағы қанттың өте төмен деңгейі (гипогликемия);

- қандағы натрийдің төмен деңгейі (гипонатриемия);
- аккомодацияның бұзылуы, ксерофтальмия, конъюнктивит, көздің ауыруы;
- қан тамырларының қабынуы (васкулит);
- терінің күнге немесе жасанды УК сәулелерге жоғары сезімталдығы (фотосезімталдық реакциясы);
- терінің ажырауымен және күлдіреуіктердің түзілуімен аутоиммунды ауру (пемфигоид);
- шеткері ісіну (тобықтар мен табандардың);
- қандағы креатинин деңгейінің жоғарылауы және қандағы мочевина мөлшерінің жоғарылауы;
- құлау.

#### **Сирек – кем дегенде 1000 адамның 1 – де болуы мүмкін**

- сананың шатасуы;
- антидиурездік гормонның жеткіліксіз секреция синдромы (АГТСС) (ол келесі симптомдармен көрінуі мүмкін: несептің қараюы, өзін нашар сезіну (жүрек айну) немесе құсу, бұлшықеттің түйілуі, сананың шатасуы және құрысулар);
- қандағы хлоридтер деңгейінің төмендеуі (гипохлоремия);
- қандағы магний деңгейінің төмендеуі (гипомагниемия);
- тәбеттің жоғарылауы;
- дерматит;
- шығарылатын несеп көлемінің азаюы немесе толық болмауы (анурия / олигурия);
- бауыр ферменттерінің белсенділігін арттыру;
- қан сарысуындағы билирубин деңгейінің жоғарылауы (гипербилирубинемия);
- бұлшықет әлсіздігі және оның тез шаршауы (миастения);
- бүйректің жедел жеткіліксіздігі;
- несеп шығарудың төмендеуі немесе болмауы;
- псориаздың өршуі.

#### **Өте сирек – 10000 адамның 1-нен астамында болуы мүмкін**

- қанның бұзылуы:
  - о қандағы лейкоциттер санының төмендеуі (лейкопения, нейтропения, агранулоцитоз);
  - о қандағы тромбоциттер санының төмендеуі (тромбоцитопения, тромбоцитопениялық пурпура) (осының аясында көгеру мен мұрыннан қан кету оңай пайда болады);
  - о қандағы эритроциттер санының төмендеуі (анемия):
- лейкоциттер, эритроциттер және тромбоциттер санының төмендеуі (панцитопения);
- о гемоглобиннің төмендеуі және эритроциттер көлемінің қанның сұйық бөлігінің көлеміне қатынасының төмендеуі (гемоглобин мен гематокриттің төмендеуі);
- стенокардия (физикалық белсенділіктен және жүрек бұлшықетіндегі қан айналымының бұзылуынан туындаған жақ пен арқаға берілетін кеуде ауыруы);
- эозинофильді пневмония (пневмонияның сирек түрі);
- созылмалы жүрек жеткіліксіздігінің дамуы немесе күшеюі;
- қызыл иектің ауыруы және оның үлкеюі (қызыл иектің гиперплазиясы);
- дене қалпын көлденеңінен тік күйге ауыстырған кезде артериялық қысымның шамадан тыс төмендеуі (ортостатикалық гипотензия);
- бұлшықеттің патологиялық кернеуі (гипертония);
- шеткері нейропатия;
- бас сақинасы;
- күштің азаюы, сылбырлық (апатия);
- козу (ажитация);

- қозғалыстар үйлесімінің бұзылуы (атаксия);
- амнезия;
- эксфолиативті дерматит;
- көбінесе бетте, қолда немесе аяқта қызыл, қыштитын дақтардан басталатын тері бөртпесі (көп формалы эритема);
- терінің құрғауы (ксеродермия);
- суық тері;
- бауыр функциясының бұзылуы, бауыр тінінің қабынуы (гепатит);
- терінің сарғаюы (холестаздық сарғаю);
- асқазанның шырышты қабығының қабынуы (гастрит);
- қандағы глюкоза концентрациясының жоғарылауы (гипергликемия);
- қандағы кальций деңгейінің жоғарылауы (гиперкальциемия);
- ішектің ангионевроздық ісінуі;
- иіс сезу қабілетінің бұзылуы (паросмия);
- инсульттің белгісі болуы мүмкін қолдардағы немесе аяқтардағы әлсіздік немесе сөйлеудің бұзылуы (АҚ шамадан тыс төмендеуіне байланысты болуы мүмкін салдарлы инсульт).

### **Белгісіз-қолда бар деректер негізінде анықтау мүмкін емес**

бауыр жеткіліксіздігі жағдайындағы бауыр энцефалопатиясы (бауыр ауруынан туындаған мидың зақымдануы);

- электрокардиограммадағы өзгеріс (QT аралығын ұзарту);
- бұрыннан бар жүйелі қызыл жегінің өршуі (дәнекер тін ауруының әр түрі);
- көздің алыстан көрмеуі (миопия), көздің анық көрмеуі, көру қабілетінің төмендеуі немесе көзішілік қысымның жоғарылауына байланысты көздің ауыруы (хориоидальды жалқық) немесе жедел жабық бұрышты глаукома);
- дірілдеу, ширығу қалпы, бетперде тәріздес әлпет, баяу қозғалыстар және тырпылдап, шатқаяқтап жүру (экстрапирамидтік бұзылулар);
- бұлшықет әлсіздігі;
- қандағы несеп қышқылы концентрациясының жоғарылауы;
- аяқ немесе қол башпайлары мен саусақтарының ұюы және ауыруы (Рейно синдромы).

### **Жағымсыз реакциялар туралы хабарлама**

Егер Сізде қандайда бір жағымсыз реакциялар болса, дәрігермен кеңесіңіз. Бұл ұсыныс кез-келген ықтимал жағымсыз реакцияларға, соның ішінде осы қосымша парақта көрсетілмеген реакцияларға қолданылады. Сіз сондай – ақ жағымсыз реакциялар туралы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің есеп беру жүйесі арқылы тікелей хабарлай аласыз (төменде қараңыз). Жағымсыз реакциялар туралы хабарлау арқылы сіз препараттың қауіпсіздігі туралы көбірек ақпарат алуға көмектесесіз.

### **Ресей Федерациясы**

Федералдық денсаулық сақтау саласын қадағалау жөніндегі қызмет (Росздравнадзор)

109012, Мәскеу, Славян алаңы, 4 үй, 1 құр.

Тел.: +7 (499) 578-06-70, +7 (499) 587-02-20, +7 800-550-99-03

Эл.пошта: [pharm@roszdravnadzor.gov.ru](mailto:pharm@roszdravnadzor.gov.ru)

<http://roszdravnadzor.gov.ru>

### **Қазақстан Республикасы**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК

010000, Астана қ., Байқоңыр ауданы, А. Иманов көш. («Нұрсәулет 2» БО)  
Тел.: +7 (7172) 78-99-11  
Эл.пошта: farm@dari.kz  
<http://www.ndda.kz>

#### **Қырғыз Республикасы**

Қырғыз Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі жанындағы Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар департаменті  
720044, Бішкек қ., 3-ші Линия көш., 25  
Тел.: +996 (312) 21-92-78  
Эл.пошта: dlomt@pharm.kg  
<http://pharm.kg>

#### **Армения Республикасы**

«Академик Э. Габриелян атындағы дәрілерді сараптау және медициналық технологиялар ғылыми орталығы» ЖТАҚ  
0051, Ереван, Комитас д-лы 49/4  
Тел.: (+374 60) 83-00-73, (+374 10) 23-08-96, (+374 10) 23-16-82  
Дәрілер қауіпсіздігін бақылау бөлімінің жедел желісі: (+374 10) 20-05-05, (+374 96) 22-05-05  
Эл.пошта: admin@pharm.am, vigilance@pharm.am  
<http://pharm.am>

#### **Беларусь Республикасы**

«Денсаулық сақтау саласындағы сараптамалар және сынақтар орталығы» УК  
+375-17-299-55-14  
220037, Минск қ., Товарищеский түйық көшесі, 2а  
Тел.: +375 -17-299-55-14  
Факс: +375-17-299-53-58  
Фармакологиялық қадағалау бөлімінің телефоны: +375 (17) 242 00 29  
Эл.пошта: rcpl@rceth.by, rceth@rceth.by  
<http://www.rceth.by>

Сондай-ақ, төменде көрсетілген байланыстар арқылы тіркеу куәлігін ұстаушының өкіліне жағымсыз реакциялар туралы хабарлауға болады.

### **5. Триплиksam®препаратын сақтау**

Препаратты бала оны көре алмайтындай етіп, балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

Қаптамада көрсетілген жарамдылық мерзімі өткеннен кейін препаратты қабылдамаңыз. Көрсетілген айдың соңғы күні жарамдылық мерзімінің өткен күні болып табылады. 30°C-ден аспайтын температурада сақтау керек.

Препаратты кәрізге тастамаңыз. Дәріхана қызметкерінен қажет емес препаратты қалай утилизациялау керектігі туралы анықтаңыз. Бұл шаралар қоршаған ортаны қорғауға мүмкіндік береді.

### **6. Қаптаманың ішіндегісі және өзге де мәліметтер**

#### **Триплиksam® препаратының құрамында**

Әсер етуші заттар -амлодипин, индапамид және периндоприл болып табылады.  
Триплиksam®, 5 мг + 1,25 мг + 5 мг, үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар

Әр таблетканың құрамында 6,935 мг амлодипин безилаты бар, 5,0 мг амлодипинге, 1,25 мг индапамидге және 5,0 мг периндоприлді аргининге сәйкес келеді, 3,395 мг периндоприлге сәйкес келеді.

Трипликсам®, 10 мг + 1,25 мг + 5 мг, үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар

Әр таблетканың құрамында 13,87 мг амлодипин безилаты бар, 10,0 мг амлодипинге, 1,25 мг индапамидке және 5,0 мг периндоприлді аргининге сәйкес келеді, 3,395 мг периндоприлге сәйкес келеді.

Трипликсам®, 5 мг + 2,5 мг + 10 мг, үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар

Әр таблетканың құрамында 6,935 мг амлодипин безилаты бар, 5,0 мг амлодипинге, 2,5 мг индапамидке және 10,0 мг периндоприлді аргининге сәйкес келеді, 6,79 мг периндоприлге сәйкес келеді.

Трипликсам®, 10 мг + 2,5 мг + 10 мг, үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар



Әр таблетканың құрамында 13,87 мг амлодипин безилаты бар, 10,0 мг амлодипинге, 2,5 мг индапамидке және 10,0 мг периндоприл аргининге сәйкес келеді, 6,79 мг периндоприлге сәйкес келеді.

Басқа ингредиенттер (қосымша заттар) болып табылады: кальций карбонаты + желатинделген жүгері крахмалы, микрокристалды целлюлоза, натрий кроскармеллозасы, магний стеараты, коллоидты кремнийдің қостотығы, желатинделген крахмал, глицерин, гипромеллоза, макрогол-6000, титанның қостотығы.



### **Трипликсам® препаратының сыртқы түрі және оның қаптамасының ішіндегісі**

Үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар



Трипликсам®, 5 мг + 1,25 мг + 5 мг

Препарат бір жағында  өрнегі және екінші жағында  компания логотипі бар ақ түсті ұзынша екі беті дөңес таблеткаларды білдіреді.



Трипликсам®, 10 мг + 1,25 мг + 5 мг

Препарат бір жағында  өрнегі және екінші жағында  компания логотипі бар ақ түсті ұзынша екі беті дөңес таблеткаларды білдіреді.

Трипликсам®, 5 мг + 2,5 мг + 10 мг

Препарат бір жағында  өрнегі және екінші жағында  компания логотипі бар ақ түсті ұзынша екі беті дөңес таблеткаларды білдіреді.

Трипликсам®, 10 мг + 2,5 мг + 10 мг

Препарат бір жағында  өрнегі және екінші жағында  компания логотипі бар ақ түсті ұзынша екі беті дөңес таблеткаларды білдіреді.

*«Сервье (Ирландия) Индастриз Лтд» өндірілген, Ирландия*

30 таблеткадан дозатормен және құрамында ылғал сіңіретін гель (силикагель) бар тығынмен жабдықталған полипропилен құтыда.

1 құтыдан бірінші ашылуы бақыланатын картон қорапшадағы қосымша парақпен бірге.

*«Сервье (Ирландия) Индастриз Лтд» өндірілген, Ирландия және «СЕРВЬЕ РУС» ЖШҚ өлшеп, орау (қаптау), Ресей:*

30 таблеткадан дозатормен және құрамында ылғал сіңіретін гель (силикагель) бар тығынмен жабдықталған полипропилен құтыда.

30 таблеткасы бар 1 құтыдан бірінші ашылуы бақыланатын картон қорапшадағы қосымша парақпен бірге

*«СЕРВЬЕ РУС» ЖШҚ өндірілген, Ресей*

30 таблеткадан дозатормен және құрамында ылғал сіңіретін гель (силикагель) бар тығынмен жабдықталған полипропилен құтыда.

1 құтыдан бірінші ашылуы бақыланатын картон қорапшадағы қосымша парақпен бірге.  
Стационарларға арналған қаптама: 30 таблеткадан дозатормен және құрамында ылғал сіңіретін гель (силикагель) бар тығынмен жабдықталған полипропилен құтыда.  
3 құтыдан бірінші ашылуы бақыланатын картон қорапшадағы тиісті қосымша парақпен бірге

Қаптаманың барлық түрлері өткізу үшін қол жетімді бола бермейді.

#### **Тіркеу куәлігінің ұстаушысы**

Сервье зертханалары, Франция/ Les Laboratoires Servier, France  
92284 Франция, Сюрен Седекс, Карно көш, 50 / 50, rue Carnot, 92284 Suresnes Cedex, France

#### **Өндіруші (сапа бақылауын шығаратын)**

1. «Сервье (Ирландия) Индастриз Лтд», Ирландия / Servier (Ireland) Industries Ltd., Ireland  
Манилэндз, Гори Роуд, Арклоу, Уиклоу графтығы, Y14 E284, Ирландия / Moneylands, Gorey  
Road, Arklow, Co. Wicklow, Y14 E284, Ireland

2. «СЕРВЬЕ РУС» ЖШҚ, Ресей

108828, Мәскеу, Краснопахорск қонысы, 158 кварталы, 2 иелік, 1 құр.

*Тұтынушылардың барлық сұрақтарын тіркеу куәлігін ұстаушының өкіліне жолдау керек*

#### **Ресей Федерациясы**

«Сервье» АҚ

Мекенжайы: 125196, Мәскеу қ., Лесная көш., 7 үй, 7/8/9 қабат

Тел.: +7 (495) 93707 00

Факс: +7 (495) 937 07 01

Эл. пошта: [servier.russia@servier.com](mailto:servier.russia@servier.com)

#### **Қазақстан Республикасы және Қырғыз Республикасы**

«Сервье Казахстан» ЖШС

Мекенжайы: 050020, Алматы қ., Достық даңғылы, 310 Г

Тел.: +7 (727) 386 76 62

Эл. пошта: [kazadinfo@servier.com](mailto:kazadinfo@servier.com)

#### **Беларусь Республикасы**

«Les Laboratoires Servier» УАО (Франция Республикасы) Беларусь Республикасындағы өкілдігі

Мекенжайы: 220030, Минск қ., Мясников көш, 70, оф. 303

Тел.: +375 (17) 306 54 55/56

Эл. пошта: [officeBY@servier.com](mailto:officeBY@servier.com)

#### **Армения Республикасы**

«Лаборатории Сервье» Өкілдігі

Мекенжайы: 0002, Ереван, Кентрон, Амирян көш., 15, 100 дүкен

Тел.: +374 (10) 50 50 74

Эл. пошта: [mariam.antonyan@servier.com](mailto:mariam.antonyan@servier.com)

#### **Қосымша парақ қайта қаралды**

#### **Басқа ақпарат көздері**

Одақтың барлық тілдеріндегі қосымша парақ және препарат туралы толық мәліметтер Еуразиялық экономикалық одақтың <https://eec.eaeunion.org/> веб-сайтында қамтылған

*Дата утверждения 12.10.2024.*